САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАН!

# Электрондық темекі денсаулыққа зиян!

*Деректер бойынша:*
*Электрондық шылым тұтынатын адамдардың жартысы өлім-жітімге душар болады. Жыл сайын темекіден 6 миллионға жуық өлім орын алады, оның 5 миллионнан аса оқиғасы темекіні тұтынушылар мен бұрын тұтынғандар және 600 000-нан аса оқиға темекі түтінінің әсеріне шалдыққан шылым шекпейтін адамдар арасында орын алады.*

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТЕМЕКІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Электрондық шылым сұйық ерітінді құйылған, ауыстырылатын картриджі бар және никотин жеткізетін электрондық жүйеге (НЖЭЖ) жататын құрал болып табылады.

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТЕМЕКІНІҢ ҚҰРАМЫНА НЕ КІРЕДІ?

Никотиннен басқа негізгі компоненттер глицеринмен немесе глицеринсіз пропиленгликоль мен хош иістендіргіштер болып табылады.

*Зерттеу бойынша:*
*Электрондық шылымның буында химиялық заттектер олар, формальдегид, ацетальдегид, карбол қосындысы, ауыр металдар (қалайы, мыс, хром, никель және т.б.) бар екенін зерттеу анықтаған.*

Тегін таратылады

http://healthlife.kz/

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТЕМЕКІ НЕГЕ ҚАУІПТІ?

- ! Электрондық шылымның құрамындағы никотин тез сіңіп, 8 секундтың ішінде миға тарайды;
- ! Никотин қантамырлардың тарылуына ықпал ететіндіктен, барлық ағзаларды қанмен қамтамасыз ету нашарлап, бірінші кезекте жүрек-қантамыр ауруларының (инсульт, инфаркт) дамуына әкеп соғады;
- ! Жүкті әйелдің ағзасындағы никотин түсік тастау мен ерте босану қаупін арттырып, ұрыққа ауа жетіспеуіне әкеп соғады;
- ! Никотин жасушалардың өзгеруін тудырады және келесі ұрпақтарда бұл өзгерістер көбейе береді;
- ! Электрондық шылымдардың құрамындағы химиялық заттар обырдың дамуына ықпал етеді;
- ! Электрондық шылымның түтінінде улы заттар болғандықтан, адамдарға, әсіресе балаларға қауіпті;
- ! Электрондық шылымды шеккендегі психологиялық тәуелділіктің даму қаупі басқа темекі өнімдерін тұтынғанмен бірдей.

*Ғалымдар электрондық шылымның спирт, глицерин және пропиленгликоль сұйықтықтарының буланған кезде ыдырауының нәтижесінде көзбен өкпені тітіркендіретініне көз жеткізген. Олар электрондық шылымдардың жастар арасында темекі індетін азайтпай, көбейтеді деген тұжырымға келді.*

Scanned by TapScanner